# ЛИЦЕИСТ

«Лицеист» балалар баспасөз ортылығы №22

16 ақпан 2016





*СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР*
*• 2 бет*

*ӘДЕБИЕТ - СӨЗ ӨНЕРІ*
*• 3 бет*

*ТӘНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ*
*• 4 бет*

*БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ*
*• 5 бет*

*ЖАҚСЫНЫҢ ЖАНЫ ЖАННАТ*
*• 6 бет*

*Бас редактордың колонкасы*
*• 7 бет*

***Жылма–жыл ақпан айының 15-і күні біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста өрімдей жас жігіттер жазықсыздан–жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар сол кездегі жігіттердің Отан алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген мақсатпен жыл сайын түрлі деңгейдегі көрмелер, әдеби кештер, мәдени іс–шаралар ұйымдастырылып, көз көргендермен кездесулер өткіземіз, сол бір сұрапыл соғыс болған XX ғасырдың 80–жылдарына еріксізден–еріксіз ораламыз.***



Подведены итоги декады истории и правовых знаний, в рамках которой были проведены интересные и познавательные мероприятия: историческая викторина «Брейн-ринг», интеллектуально-патриотическая игра «Колесо фортуны», познавательная игра «Жұлдызді сәт», конкурс правовых знаний, интеллектуальный бой между командами 11 А и 11 Б классов. Самые активные участники и победители декады были награждены грамотами и дипломами.






Бүгін №20лицей–мектебінде «ЖРВИ және тұмауды алдын алу» тақырыбына бойынша мектеп медбикесі Жуанышева Д.Н. дәріс өткізді. Дәрістің негізгі мақсаты оқушыларға тұмау және тұмаудан сақтану туралы мағлұматтар беру. Аурудың алғашқы белгілер және одан сақтану жолдары туралы ақпарат айтылды. Сонымен қатар оқушыларға денсаулықтың ең басты байлық екенін ұғындыру, тазалық, жеке бас гигиенасы және дұрыс тамақтану туралы пайдалы кеңестер беру.

Then was a debate between the students of forms 10 within a decade of history and rights subjects.
The theme of the debate «Conection of Kazakhstan with Russian Empire». Two teams took part in this debate: «Sunkar» and «Batyr». Each team show their deep knowledges in history and discussed the theme very activity. All participants and guests likeol that debate game








## Егеменді елім бар

Бүгін азат егеменді халықпыз,
Салт-дәстүрге, дінімізге қанықпыз.
Жетпіс жылдай ұмытылған тарихты
Енді міне шын мәнінде таныппыз.

Қазақстан өркендеген ел енді,
Шын бағасын қонақтарым бер енді.
Қонақжайлық қазағымның қанында
Көргің келсе, кең далама кел енді.






## Бейбітшілік орнатсын

Егемендік - ырысым,
Бүгін еркін тынысым.
Берді ғой жанын батырлар
Осынау тыныш күн үшін.

Әрбір таңым арайлы,
Бақыт нұры тарайды.
Халқым менің әрқашан
Бейбітшілікті қалайды.

*© Курашева Айдана,*
*10 К сынып оқушыысы*

# ТҰМАУ АУРУЫ

**Тұмау** – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері: тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы , сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. A,B,C грипп вирусымен түр- түріне бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит, гайморит) ауруларына айналады.



• **Көкөніс пен жеміс-жидектен** тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану;

• **Дене шынықтырумен**, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сырқаттанса — не істеу керек? Ең бастысы - үйде қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.



***Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?***

• **Вакцинация.** Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, карттар үйіндегі адамдар, медқызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;

• **Тұмауға қарсы** витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:

• ***Жоғарғы тыныс*** жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);

• **Үйдің тазалығын сақтау** – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);





# ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ ОБ АФГАНСКОЙ ВОЙНЕ

25 декабря 1979 года начался ввод советских войск в ДРА. В состав советского контингента входили: управление 40 й армии с частями обеспечения и обслуживания, дивизий - 4, отдельных бригад - 5, отдельных полков - 4, полков боевой авиации - 4, вертолетных полков - 3, трубопроводная бригада - 1, бригада материального обеспечения 1 и некоторые другие части и учреждения. Афганская война продолжалась с 25 декабря 1979 до 15 февраля 1989 года, то есть 2238 дней. Пребывание советских войск в Афганистане и их боевая деятельность условно разделяются на четыре этапа. 1-й этап: декабрь 1979 г. - февраль 1980 г. Ввод советских войск в Афганистан, размещение их по гарнизонам, организация охраны пунктов дислокации и различных объектов.



2-й этап: март 1980 г. - апрель 1985 г. Ведение активных боевых действий, в том числе широкомасштабных, совместно с афганскими соединениями и частями. Работа по реорганизации и укреплению вооруженных сил ДРА.




3-й этап: май 1985 г. - декабрь 1986 г. Переход от активных боевых действий преимущественно к поддержке действий афганских войск советской авиацией, артиллерией и саперными подразделениями. Подразделения спецназначения вели борьбу по пресечению доставки оружия и боеприпасов из за рубежа. Состоялся вывод шести советских полков на Родину.

4-й этап: январь 1987 г. - февраль 1989 г. Участие советских войск в проведении афганским руководством политики национального примирения.

14 апреля 1988 года при посредничестве ООН в Швейцарии министрами иностранных дел Афганистана и Пакистана подписаны Женевские соглашения о политическом урегулировании положения вокруг ситуации в ДРА. Советский Союз обязался вывести свой контингент в 9 месячный срок, начиная с 15 мая; США и Пакистан, со своей стороны, должны были прекратить поддерживать моджахедов. В соответствии с соглашениями вывод советских войск с территории Афганистана начался 15 мая 1988 года. 15 февраля 1989 года из Афганистана полностью выведены советские войска. Выводом войск 40-й армии руководил последний командующий ограниченным контингентом генерал лейтенант Борис Громов. По уточнённым данным, всего в войне Советская Армия потеряла 14 тыс. 427 человек (из них около 2000 украинцев), КГБ — 576 человек, МВД — 28 человек погибшими и пропавшими без вести. Ранено, контужено, травмировано – более 53 тыс. человек. Точное число погибших в войне афганцев неизвестно. Имеющиеся оценки колеблются от 1 до 2 млн. человек.

Как говорил герой кинофильма «Рэмбо»: »Война не закончилась». Все мы знаем про «афганский синдром», про тысячи сломанных судеб, про ветеранов, вернувшихся с войны, никому не нужным и забытых. Афганский конфликт породил целый пласт культуры «забытого и преданного солдата». Этот образ был нетипичен для русской традиции. Афганский конфликт подточил моральный дух русской армии. Именно тогда стали появляться «белобилетники», война внушала ужас, про неё ходили страшные легенды, туда отправляли проштафившихся солдат, там процветала дедовщина, ставшая бичом современной армии. Профессия военного именно в то время перестала быть привлекательной, хотя раньше каждый второй мечтал быть офицером. «Эхо Афгана» слышно до сих пор.

# ЖАҚСЫНЫҢ ЖАНЫ - ЖАННАТ





Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екі жүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады”, “Досы жақсының, өзі де жақсы”, “Дүниеде адамның жалғыз қалғаны — өлгені, қайғының бәрі соның басында”. Достыққа қарама-қарсы ұғым — қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырысбағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу — өмірлік мақсаттардың бірі; Саясаттанудағы Достық ұғымы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени мүдде тұрғысынан ынтымақтастық орнату шараларын бейнелеу үшін қолданылып жүр.

Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.

Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.








**По горизонтали:**

2.Какое животное иногда тоже служит?

4.Куда идут служить все ребята, когда вырастут?

8. Больница для раненных солдат.

9. Специальный карман для пистолета.

10. Техника для охраны воздушной границы.

11. Зимняя верхняя одежда солдата.

12. Средство передвижения на гусеницах.

**По вертикали:**

1. То, на чём служат моряки.
3. То, что защищают все солдаты.
5. Лежит в земле, если наступить - взорвется.
6. Что у солдата на ногах?
7. Один в поле не ...
8. Что бросают и говорят: «Ложись!»



«Лицеист» Павлодар қаласындағы
20 лицей - мектебінің газеті
**Редакция мекен – жайы:**
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қаласы,
М. Горького 102/4
Жобаның кураторы Баильдинова *Д.С.*
**Бас редакторы** *Аманжолова А.*
**Тілшілер**
*Құрман А., Курашева А.*
**Ақпарат жинаушысы**
*Алиева А., Караманова А.*
**Рәсімдеуші**
*Гумарова А., Калиева З.*
**Түзетуші**
*Оспанова Д.*